Дочерняя организация Акционерное общество Банк ВТБ (Казахстан)

**Банкт ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Эквайринг шарты**

**Договор эквайринга ДО АО Банк ВТБ (Казахстан)**

**(в рамках тарифов пакетных услуг)**

Алматы, 2016

## № ________ ЭКВАЙРИНГ ШАРТЫ
## ДОГОВОР ЭКВАЙРИНГА № ________

| | |
|---|---|
| __________ қ. «___»___________ж. | г.________ «______» ____________г. |
| Бұдан әрі «Банк» деп аталатын Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымы атынан ________________________ негізінде әрекет ететін__________________________________________ _____________________________________________ _____бір тараптан, және бұдан әрі «Кәсіпорын» деп аталатын _____________________________________________ ____________________________________________ атынан _____________________________________________ негізінде әрекет ететін _____________________________________________ екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, төмендегі туралы осы Эквайринг шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты: | Дочерняя организация Акционерное общество Банк ВТБ (Казахстан), далее именуемая «Банк», в лице _____________________________________________ __________________________________________, действующего на основании ________________________ ___________________, с одной стороны и _____________________________________________ __________________________________________, далее именуемое «Предприятие», в лице _____________________________________________ __________________________________________, действующего на основании ______________________________________________, с другой стороны, вместе именуемые «Стороны», заключили настоящий Договор эквайринга (далее – Договор) о нижеследующем: |
| **1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР** | **1. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ** |
| 1.1. Шарт мақсатында Шартта пайдаланылатын анықтамалар мен ұғымдар төмендегі мағынаға ие болады:<br>**Авторландыру** – Эмитент Ұстаушыға Карточканы пайдаланумен Операцияны жүргізу үшін беретін және Ұстаушы Карточканы пайдаланумен нақты Операция барысында сатып алатын Тауарларды төлеу кепілін растау болып табылатын рұқсат;<br>**Контактысыз Карточка** – операцияны жүргізу сәтінде ХТЖ MasterCard төлем карточкаларының және электронды терминалдардың немесе өзге құрылғылардың физикалық тұрғыдан жанасуын талап етпейтін, сымсыз байланыс технологиясын пайдалану негізінде, оның ұстаушысына төлемдерді байланыссыз тәсілмен жүзеге асыру мүмкіншілігін беретін төлем картасы;<br>**Төлем Карточкасын Ұстаушы (Ұстаушы)** – атына Карточка берілген, Карточканы Эмитентпен жасалған, | 1.1. В целях Договора определения и понятия, используемые в Договоре, имеют нижеследующий смысл:<br>**Авторизация** – разрешение, предоставляемое Эмитентом Держателю для проведения Операции с использованием Карточки и являющееся подтверждением гарантии оплаты Товаров, приобретаемых Держателем в ходе конкретной Операции с использованием Карточки;<br>**Бесконтактная Карточка** – платежная карточка МПС MasterCard, предоставляющая ее держателю возможность осуществлять платежи бесконтактным способом на основе использования технологии беспроводной связи, не требующей физического соприкосновения платежной карточки и электронных терминалов или иных устройств в момент совершения операции;<br>**Держатель Платежной Карточки (Держатель)** – физическое лицо, на имя которого |

| | |
|---|---|
| Операцияларды Карточканы пайдаланумен көздейтін шарт негізінде пайдаланатын жеке тұлға. Ұстаушының аты мен тегі бет жағында (мұндай деректер көрсетілмейтін Карточканы қоспағанда), ал оның қолының үлгісі Карточканың артқы жағында көрсетілген; | выдана Карточка, использующее Карточку на основании договора с Эмитентом, предусматривающего совершение Операций с использованием Карточки. Имя и фамилия Держателя указаны на лицевой стороне (за исключением Карточки, на которых такие данные не указываются), а его образец подписи указан на оборотной стороне Карточки; |
| **Құжат** – Операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын және/немесе оларды орындаудың растауы үшін қызмет ететін, Карточканы немесе оның деректемелерін қағаз тасығышта және/немесе электрондық түрде қолданумен жасалған, есеп айрысуларға қатысушылардың қолдары немесе өз қолының аналогтары қойылған құжат. Карточкаларды пайдаланумен Операциялар бойынша құжат болып мыналар табылуы мүмкін: | **Документ** – документ, являющийся основанием для осуществления расчетов по Операциям и/или служащий подтверждением их совершения, составленный с применением Карточки или ее реквизитов на бумажном носителе и/или в электронной форме, подписанный участниками расчетов собственноручно или аналогами собственноручной подписи. Документом по Операциям с использованием Карточек может быть: |
| - **Чек** – екі данада жасалған, Терминал басып шығарған (Терминалды пайдаланумен Карточкаларды қабылдау кезінде) және Операцияны жасаудың растауы болып табылатын қағаз құжат. Чектің формасын (мазмұнын) Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, белгілейді; | - **Чек** – бумажный Документ, составленный в двух экземплярах, распечатанный Терминалом (при приеме Карточек с использованием Терминала) и служащий подтверждением совершения Операции. Форма (содержание) Чека определяется Банком с учетом требований действующего законодательства Республики Казахстан; |
| - **Электрондық журнал** – Карточкаларды пайдаланумен Операциялар бойынша белгілі уақыт ішінде қалыптастырылған электрондық нысандағы Құжаттар жиынтығы. Электрондық журнал Операциялар бойынша Тараптардың есеп айырысуларын жүргізу үшін негіз болып табылады. | - **Электронный журнал** – совокупность Документов в электронной форме, сформированных за определенный период времени по Операциям с использованием Карточек. Электронный журнал является основанием для проведения расчетов Сторон по Операциям. |
| **Нұсқау** - VISA, MasterCard, Maestro және UnionPay төлем карточкаларымен операция жасаған кезде Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ POS – терминалдарымен жұмыс істеу жөніндегі нұсқау, www.vtb-bank.kz мекен-жай бойынша Банк сайтында орналаскан; | **Инструкция** – Инструкция по работе с POS – терминалами ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) при совершении операций по платежным карточкам VISA, MasterCard, Maestro и UnionPay, размещенная на сайте Банка по адресу: www.vtb-bank.kz; |
| **Авторландыру коды** – жүргізілген Авторландыруға Төлемдің жүйемен берілген рұқсаттың нөмірін белгілейтін бірегей әріптік-цифрлық код; | **Код Авторизации** – уникальный буквенно-цифровой код, обозначающий номер разрешения, присвоенный Платежной системой произведенной Авторизации; |
| **Комиссия** – Банк Кәсіпорыннан Шартқа, Банктің ішкі құжаттарына, Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес көрсететін/жүзеге асыратын Қызметтер/Операциялар үшін алатын төлем; | **Комиссия** – плата, взимаемая Банком с Предприятия за Услуги/Операции, оказываемые/осуществляемые в соответствии с Договором, внутренними документами Банка, действующими тарифами Банка; |
| **Карточкалық операция (Операция)** – Қазақстан Республикасының заңнамасына | **Карточная операция (Операция)** – финансовая операция, осуществляемая с |

| | |
|---|---|
| сәйкес Авторландырудан кейін Карточканы пайдаланумен жүзеге асырылатын, ССН-де Ұстаушының тауарды сатып алу мақсатымен өткізілетін қаржы операциясы, сондай-ақ қайтару Операциясы; | использованием Карточки после Авторизации в соответствии с законодательством Республики Казахстан, проводимая в ТСТ с целью приобретения Товара Держателем, а также Операция возврата; |
| **Халықаралық төлем жүйесі (Төлем Жүйесі)** – өз қатысушылары үшін Карточкаларды шығару және қызмет көрсетумен байланысты өзара әрекеттесудің бірыңғай стандарттары мен ережелерін белгілейтін, сондай-ақ Эквайерлер мен Эмитенттер арасында есеп айырысулардың жүргізілуін қамтамасыз ететін халықаралық қаржы қауымдастығы; | **Международная платёжная система (Платежная Система)** – международная финансовая ассоциация, устанавливающая для своих участников единые стандарты и правила взаимодействия, связанные с выпуском и обслуживанием Карточек, а также обеспечивающая проведение расчетов между Эквайерами и Эмитентами; |
| **Заңсыз өткізілген Карточкалық операция –** шотқа қол жеткізу, соның ішінде Карточканы Ұстаушымен заңсыз түрде жүргізілген Заңсыз Карточкалық операцияға қойылатын талаптарды бұзумен жүзеге асырылған карточкалық операция; | **Несанкционированная Карточная операция –** Карточная операция, осуществленная с нарушением требований к Санкционированной Карточной операции при которой доступ к счету был осуществлен незаконно, в том числе не Держателем Карточки; |
| **Жаюдық** – ССН-де Операцияларға қызмет көрсету мақсатында пайдаланылатын Терминал және кез келген өзге бағдарламалық-техникалық құрылғы; | **Оборудование** – Терминал и любое иное программно-техническое устройство, используемое в целях обслуживания Операций в ТСТ; |
| **Қайтару операциясы** – Карточка Ұстаушысы Карточканы пайдаланумен сатып алған Тауарларды қайтару және/немесе Карточка Ұстаушысының Карточканы пайдаланумен төленген Тауарлардан бас тартуы жағдайында жүзеге асырылған операция; | **Операция возврата** – операция, осуществляемая с использованием Карточки в случае возврата Держателем Карточки Товаров, приобретенных с использованием Карточки и/или отказа Держателя Карточки от Товаров, оплаченных с использованием Карточки; |
| **Төлем Карточкасы (Карточка)** – осындай карточка ұстаушысына төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюталарды айырбастауды және төлем карточкасының эмитенті белгілеген және оның шарттарымен жбасқа операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін электрондық терминалдар немесе өзге құрылғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы; | **Платежная Карточка (Карточка)** – средство доступа к деньгам через электронные терминалы или иные устройства, которое содержит информацию, позволяющую держателю такой карточки осуществлять платежи, получать наличные деньги, производить обмен валют и другие операции, определенные эмитентом платежной карточки и на его условиях; |
| **Ереже** - Төлем Карточкаларымен жұмыс істеу ережесі, www.vtb-bank.kz мекен - жай бойынша Банк сайтында орналаскан; | **Правила** - Правила работы с Платежными Карточками, размещенные на сайте Банка по адресу: www.vtb-bank.kz; |
| **Процессинг** – Карточкаларды пайдаланумен Операцияларды, төлемдер мен басқа да операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеу мен беруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ Төлем жүйесінің қатысушыларымен жасалған шарттармен көзделген өзге де қызметтерді орындайтын, Банк тиісті шартты жасаған Төлем жүйесінің қатысушысы; | **Процессинг** – участник Платежной системы, обеспечивающий сбор, обработку и передачу информации, формируемой при осуществлении Операций, платежей и других операций с использованием Карточек, а также выполняющий иные функции, предусмотренные договорами с участниками Платежной системы, с которым Банком заключен соответствующий договор; **Санкционированная Карточная операция** |

| | |
|---|---|
| **Рұқсат етілген Карточкалық операция** – Карточканы (соның ішінде оның деректемелерін) пайдаланумен жүзеге асырылған, жүзеге асыру кезінде Карточка бұғатталмаған, қолданылу мерзімі өтпеген, Карточка Ұстаушымен пайдаланылған карточкалық операция;<br>**Терминал** – электрондық-механикалық құрылғы (карточкалық кассалық терминал), сол арқылы Карточканы пайдаланумен және Банктің ақпараттық жүйесімен қосу арқылы Авторландыру процедураларының автоматтандыру, Тауарлар үшін және Чекті ресімдеу үшін төлемақы алу жүзеге асырылады. Терминалды Банк Кәсіпорынға осы Шарт және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге тиісті шарттың талаптарымен береді. Терминалдың атауы, саны және құны соның негізінде берілетін Қабылдау-өткізу актісінде көрсетіледі;<br>**Сауда-сервистік нүкте (ССН)** – Банк тіркеген, Ұстаушы тауарды сатып алатын және Операция бойынша Карточканы пайдаланумен Құжаттарды ресімдеу жүргізілетін кәсіпорын Тауарларды сататын орын;<br>**Тауар** – Кәсіпорын жүзеге асыратын тауар, жұмыс, қызмет, зияткерлік қызмет нәтижесі;<br>**Кәсіпорынның уәкілетті қызметкері** – Терминалмен жұмыс істеу үшін Кәсіпорынмен тағайындалған және уәкілетті етілген және Банкпен Терминалмен жұмыс істеу үшін оқытудан өткен тұлға. Кәсіпорын қызметкерлер өкілеттіктерін Банкке Кәсіпорын басшысымен сендірілген Шартқа №1 қосымша нысаны бойынша тізімді жолдау арқылы растайды. Кәсіпорын қызметкері Банкпен жүргізілетін оқытудан өту фактісі Банктің нысаны бойынша жасалатын оқыту өткізу актісінде көрсетіледі;<br>**Эквайер** – эквайринг қызметтерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым;<br>**Эквайринг** – Карточкаларды пайдаланумен жасалатын Операциялар бойынша Кәсіпорындармен есеп айырысуларды жүзеге асыруды қамтитын банк немесе ұйымның қызметі;<br>**Эмитент** – Карточкалар эмиссиясын жүзеге асыратын қаржы мекемесі. | - Карточная операция, осуществленная с использованием Карточки (в т.ч. ее реквизитов), в момент осуществления которой Карточка не была блокирована, не истек срок ее действия, Карточка была использована Держателем Карточки;<br><br>**Терминал** – электронно-механическое устройство (карточный кассовый терминал), посредством которого с использованием Карточки и соединения с информационной системой Банка осуществляется автоматизация процедур Авторизации, оплата за Товары и оформление Чека. Терминал передается Банком Предприятию на условиях настоящего Договора и/или иного соответствующего договора, заключенного между Сторонами. Наименование, количество и стоимость Терминала указываются в Акте приема-передачи, на основании которого он передается, являющимся неотъемлемой частью Договора;<br>**Торгово-сервисная точка (ТСТ)** – место реализации Товаров Предприятием, зарегистрированное Банком, в котором Держатель приобретает Товар и где происходит оформление Документов по Операции с использованием Карточки;<br>**Товар** – товар, работа, услуга, результат интеллектуальной деятельности, реализуемые Предприятием;<br>**Уполномоченный работник Предприятия** – лицо, назначенное и уполномоченное Предприятием для работы с Терминалом и прошедший обучение Банком правилам работы с Терминалом. Предприятие подтверждает полномочия работников путём направления в Банк заверенного руководителем Предприятия списка по форме Приложения № 1 к Договору. Факт прохождения работника Предприятия обучения Банком отражается в акте проведения обучения, составляемом по форме Банка;<br><br>**Эквайер** – банк или организация, осуществляющая функции эквайринга;<br>**Эквайринг** – деятельность банка или организации, включающая в себя осуществление расчетов с Предприятиями по Операциям, совершаемым с использованием Карточек;<br>**Эмитент** – финансовое учреждение, осуществляющее эмиссию Карточек. |
| **2. ШАРТТЫҢ МӘНІ** | **2. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА** |

| | |
|---|---|
| 2.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Тараптар Кәсіпорынның Тауарды Төлем жүйесінің Карточкаларын пайдалану арқылы сатуды жүзеге асырумен байланысты бірлесіп Ұстаушыларға қызмет көрсетеді, сондай-ақ Тараптар осындай қызмет көрсетумен байланысты тиісті өзара есеп айырысуларды жүзеге асырады. | 2.1. В соответствии с условиями настоящего Договора Сторонами осуществляется совместное обслуживание Держателей, связанное с осуществлением Предприятием реализации Товара посредством использования Карточек Платежной системы, а также осуществляются Сторонами соответствующие взаиморасчеты, связанные с таким обслуживанием. |
| 2.2. Банк Шарттың тәртібімен және талаптарымен Кәсіпорын Тауарын сату орындарында Төлем жүйесінің Карточкаларын төлем құрал ретінде Терминал орнатады, Кәсіпорын қызметкерлерін Тауарларға ақы төлеуге Карточкаларды қабылдау бойынша оқытады, Операциялар бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысуларды жүзеге асырады, сондай-ақ Кәсіпорынға Шартпен, Банктің ішкі құжаттарымен, Банктің қолданыстағы тарифтерімен және/немесе Кәсіпорынмен жасалған жеке шарттарымен (келісімдерімен) көзделген басқа да қызметтерді көрсетеді (Шарт мәтіні бойынша сондай-ақ бірлесіп «Қызметтер» деп те аталады). | 2.2. Банк в порядке и на условиях согласно Договору устанавливает в местах реализации Товара Предприятия Терминал для приема в качестве платежного средства Карточки Платежной системы, обучает работников Предприятия по приему Карточек к оплате Товаров, осуществляет проведение безналичных расчетов по Операциям, также оказывает Предприятию другие услуги, предусмотренные Договором, внутренними документами Банка, действующими тарифами Банка и/или отдельными договорами (соглашениями), заключенными с Предприятием (по тексту Договора совместно именуются также как «Услуги»). |
| 2.3. Карточкалық операцияларды жүзеге асыру және Карточкалар Ұстаушыларына қызмет көрсету тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Банктің ішкі құжаттарымен, Төлем жүйесінің нұсқауларымен/ішкі құжаттарымен және осы Шартпен реттеледі. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін Орындалған жұмыстар актісімен (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) ресімделеді. Көрсетілген қызметтер актісін Банк Кәсіпорынға ай сайын, ағымдағы айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей береді, және оған Кәсіпорын Қызметтер сапасына/көлеміне ескертпелер жоқ болған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды. | 2.3. Порядок осуществления Карточных операций и обслуживания Держателей Карточек регулируется действующим законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Банка, инструкциями/внутренними документами Платежной системы и настоящим Договором. Прием-передача оказанных Услуг оформляется Актом выполненных работ (оказанных услуг), по форме, определяемой законодательством Республики Казахстан (далее – Акт оказанных услуг). Акт оказанных услуг предоставляется Банком Предприятию ежемесячно, не позднее 10 (десятого) числа текущего месяца, и подписывается Предприятием в случае отсутствия замечаний к качеству/объему Услуг в течение 3 (трех) рабочих дней со дня получения Акта оказанных услуг. |
| **3. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ БАНКА** |
| 3.1. **Банк міндетті:** | 3.1. **Банк обязан:** |
| 3.1.1. Шартқа №1 Қосымшадағы нысан бойынша тізімге енгізілген кәсіпорын қызметкерлеріне Ережелер/Нұсқаулар оқытуды ұйымдастыру; | 3.1.1. Организовать обучение работников Предприятия, включенных в список по форме Приложения № 1 к Договору, Правилам/Инструкции; |
| 3.1.2. Кәсіпорынға Операцияларды | 3.1.2. Предоставить Предприятию для |

| | |
|---|---|
| өткізу үшін (бұдан әрі – «тиісті Қабылдау-өткізу актісі») тиісті Қабылдау-өткізу актісі бойынша Шартта белгіленген шарттармен Терминал ұсынуға. Бұл ретте, тиісті Терминал қойылатын мекен-жай тиісті Қабылдау-өткізу акітісінде белгіленеді. Сондай-ақ орнатылған Терминалды жөндеуді немесе ауыстыруды жүргізуге. Терминал Банктің жекеменшігі болып табылады, және Кәсіпорынға Шарттың қолданылу мерзіміне уақытша пайдалануға беріледі; | проведения Операций Терминал по Акту приема-передачи (далее – «соответствующий Акт приема-передачи») на условиях, оговоренных в Договоре. При этом адрес, по которому будет установлен соответствующий Терминал, определяется в соответствующем Акте приема-передачи. Также производить ремонт или замену установленного Терминала. Терминал является собственностью Банка и передается Предприятию во временное пользование на период действия Договора; |
| 3.1.3. Кәсіпорынға Авторландыруды тәулік бойы алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге; | 3.1.3. Обеспечить Предприятию круглосуточную возможность получения Авторизации; |
| 3.1.4. Кәсіпорыннан жарамды Құжаттарды немесе Шарттың 5.9 т. сәйкес шартты түрде қабылданған деп танылған Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру; | 3.1.4. Организовать прием от Предприятия действительных Документов или Документов, признанных согласно п.5.7 Договора условно принятыми; |
| 3.1.5. Карточкаларды пайдаланумен жүзеге асырылған тауарларға ақы төлеу үшін ақшаны аударуды Шартпен көзделген тәртіпте жүзеге асыруға; | 3.1.5. Осуществлять перевод денег в уплату реализованных с использованием Карточек Товаров в порядке, предусмотренном условиями Договора; |
| 3.1.6. Кәсіпорынға Операцияларды өткізуге қатысты, Шарт шеңберіндегі барлық қажет консультацияларды, шығыс материалдарды ұсынуға, Кәсіпорынның карточкалармен жұмыс әстеуіне әдістемелік, техникалық және бағдарламалық қолдау көрсетуге; | 3.1.6. Предоставлять Предприятию все необходимые консультации, касающиеся проведения Операций, в рамках Договора, расходные материалы, обеспечивать методическую, техническую и программную поддержку работы Предприятия с Карточками; |
| 3.1.7. Кәсіпорында Карточкаларды пайдаланумен жүргізілетін Операцияларды өткізу ережелеріндегі барлық өзгерістер туралы уақытылы хабарландыруға; | 3.1.7. Своевременно информировать Предприятие обо всех изменениях в правилах проведения Операций с использованием Карточек; |
| 3.1.8. Кәсіпорынға Терминалдарда Кәсіпорын қызметкерлерінің Карточкаларды пайдаланумен операцияларды жүргізуді реттейтін құжаттарды, сондай-ақ Ұстаушыларға қызмет көрсету және Карточкаларды пайдаланумен тауарларға ақы төлеу бойынша операцияларды ресімдеуді реттейтін құжаттарды, сондай-ақ Банктің көздеуі бойынша, Шартты орындау мақсатында Кәсіпорынға қажет өзге де құжаттарды ұсынуға; | 3.1.8. Предоставить Предприятию документы, регламентирующие проведение операций в Терминалах с использованием Карточек работниками Предприятия, а также обслуживания Держателей и оформления операций по оплате Товаров с использованием Карточек, а также иные документы, по усмотрению Банка, необходимые Предприятию в целях исполнения Договора; |
| 3.1.9. Кәсіпорынға ҚР Салық кодексіне сәйкес жазылып берілген шот-фактураны ұсынуға; | 3.1.9. Предоставлять Предприятию счет – фактуру, выписанную в соответствии с Налоговым кодексом РК; |
| 3.1.10. Кәсіпорынға Көрсетілген қызметтер актісін уақытылы ұсынуға. | 3.1.10. Своевременно предоставлять Предприятию на подписание Акты оказанных услуг. |
| 3.1.11. Қазақстан Республикасының «Жеке деректер мен оларды қорғау туралы» | 3.1.11. Обеспечить конфиденциальность и безопасность персональных данных |

| | |
|---|---|
| Заңының және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес, өзіне олардан, не болмаса Кәсіпорыннан келіп түсетін Кәсіпорын жұмыскерлерінің/өкілдерінің жеке деректерінің құпиялығы мен қауіпсіздігін және оларды осы Шартты орындау мақсаттары үшін және оған байланысты өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондай-ақ Банктің Кәсіпорыннан алынған жұмыскерлердің/өкілдердің жеке деректерін осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға байланысты мақсаттардан тыс пайдалануға және Шарт бойынша алынған жұмыскерлердің/өкілдердің жеке деректерін осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға қатысы жоқ мақсаттарда кез келген үшінші тұлғаларға қандай да бір түрде табыстауға құқығы жоқ, ондай жеке деректерді оларды өңдеу мақсаттары үшін қажет уақыттан артық сақтамауды және өңдеу мақсаттарына жеткен соң немесе оларға жету қажеттілігі жоғалған жағдайда, қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, оларды жоюды, осы Шартты орындаудың шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасының жеке деректерді қорғау туралы басқа талаптарын орындауды міндетіне алады. | работников/представителей Предприятий, поступающих к нему от них либо от Предприятия и безопасность при их обработке для целей и в связи с исполнением настоящего Договора в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан. Также Банк не имеет права использовать персональные данные работников/представителей, полученные от Предприятия, в целях, не связанных с выполнением своих обязательств по настоящему Договору, и каким-либо образом передавать полученные по Договору персональные данные работников/представителей Предприятия любым третьим лицам в целях, не связанных с выполнением своих обязательств по настоящему Договору, обязуется хранить эти персональные данные не дольше, чем этого требуют цели их обработки, и уничтожать их по достижении целей обработки или в случае утраты необходимости в их достижении, с учетом требований действующего законодательства, выполнять иные требования законодательства Республики Казахстан о защите персональных данных в рамках исполнения настоящего Договора. |
| 3.2. **Банк мыналарға құқылы:** | 3.2. **Банк имеет право:** |
| 3.2.1. Ережелерде көрсетілген талаптардың негізінде Құжаттарды жарамсыз деп тануға; | 3.2.1. Признавать недействительными Документы на основании критериев, указанных в Правилах; |
| 3.2.2. Кәсіпорыннан Құжаттарды сұрауға; | 3.2.2. Запрашивать у Предприятия Документы; |
| 3.2.3. Кәсіпорын пайдасына кейінгі өтелімдерден өтемеуге, ұстап қалуға, Кәсіпорынның банктік шотынан акцептісіз түрде (Шарттың 5.4. тармағының 5.4.2. тармақшасына сәйкес) ақша сомаларын келесі жағдайлар бойынша есептен шығаруға:<br>- Ережелердің негізінде жарамсыз деп танылған операциялар;<br>- Даулар мен келіспеушіліктердің мәні болып табылған операция, соның ішінде Ұстаушының даулы/алаяқтық Операция және/немесе Банктен есептен шығарылған ХТЖ және/немесе Эмитенттермен есептен шығарылған операция жасау туралы өтінішінің негізінде; | 3.2.3. Не возмещать, удерживать из последующих возмещений в пользу Предприятия, безакцептно списывать с банковского счета Предприятия (в соответствии с пп.5.4.2. п.5.4. Договора) суммы денег по:<br>– Операции, признанной недействительной на основании Правил;<br>– Операции, ставшей предметом споров и разногласий, в том числе на основании заявления Держателя о несовершении спорной/мошеннической Операции и/или списанной с Банка МПС и/или Эмитентами;<br>– Операции возврата, произведенной Предприятием;<br>- Штрафам Платежной системы, |

| | |
|---|---|
| - Кәсіпорын жүргізген қайтару операциясы;<br>- Банктің талаптарында белгіленген Төлем жүйесінің айыппұлдары. | обозначенным в требовании Банка. |
| 3.2.4. Бір жақты тәртіппен Шарттың 3.1. тармағының 3.1.3. тармақшасының қолданылуын тоқтатуға және/немесе Карточкаларға қызмет көрсетуге арналған Жабдықты Кәсіпорынның келісімінсіз алып қою, кәсіпорынға өтелімді аударуды 180 (жүз сексен) күнге дейін тоқтатып қоюға, сондай-ақ Шартты келесі жағдайларда бұзуға:<br>- Кәсіпорынның Шарттың талаптарын бұзуы;<br>- құзырлы мемлекеттік органдардан және/немесе ХТЖ-дан Кәсіпорын туралы жағымсыз ақпарат алу;<br>- Кәсіпорынды тарату немесе Кәсіпорынға қатысты дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы істі қозғау;<br>- анық емес ақпарат беру, соның ішінде Шарттың 11.2 тармағын орындамау;<br>- Карточкаларды пайдаланумен Операцияларды жүзеге асыруға кедергі келтіретін кәсіпорын жайларына жөндеу жүргізуді жүзеге асыру;<br>- Кәсіпорынның төмен деңгейдегі белсенділігі: 2 (екі) күнтізбелік айдың ішінде Шарттың шеңберінде Операцияларды жүзеге асырмау, Шарттың 6.1 тармағында көрсетілген Ксэпорынның ССН айналымдары бойынша шарттарды орындамау;<br>- ССН-де Ережелер негізінде жарамсыз деп танылған Операцияны жасау.<br>Банк Кәсіпорынды Шарттың 3.1. тармағының 3.1.3. тармақшасымен көзделген әрекетті тоқтатуы туралы және өтелімді аударуды тоқтату туралы осы оқиғаның басталу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарландыруға міндеттенеді. | 3.2.4. В одностороннем порядке приостановить действие пп.3.1.3 п.3.1. Договора и/или изъять Оборудование для обслуживания Карточек без согласия Предприятия, приостановить перечисление возмещения Предприятию на срок до 180 (ста восьмидесяти) дней, а также инициировать расторжение Договора в следующих случаях:<br>- нарушение Предприятием условий Договора;<br>- получение негативной информации о Предприятии от компетентных государственных органов и/или из МПС;<br>- ликвидация Предприятия либо возбуждение в отношении Предприятия дела о несостоятельности (банкротстве);<br>- предоставление недостоверной информации, в том числе неисполнение п.11.2 Договора;<br>- осуществление ремонта помещений Предприятия, препятствующего осуществлению Операций с использованием Карточек;<br>- низкая активность Предприятия: неосуществление в течение 2 (двух) календарных месяцев Операций в рамках Договора, невыполнение условий по объему оборотов ТСТ Предприятия, указанных в п.6.1 Договора;<br>- совершение в ТСТ Операции, признанной недействительной на основании Правил.<br>Банк обязуется уведомить Предприятие о приостановлении действия, предусмотренного в п.3.1.3 п.3.1. Договора, и о приостановлении перечисления возмещения не позднее 3 (трех) рабочих дней со дня наступления данного события. |
| 3.2.5. ССН-де Кәсіпорын қызметкерінің Шарт ережелерін орындауына бақылауды жүзеге асыру мақсатында тексерулер жүргізу. Көрсетілген тексерулерді жүргізу Кәсіпорынның шаруашылық қызметті жүзеге асыруына кедергі келтірмеуі тиіс және Кәсіпорында белгіленген жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс; | 3.2.5. Проводить проверки в ТСТ в целях осуществления контроля соблюдения персоналом Предприятия положений Договора. Проведение указанных проверок не должно препятствовать осуществлению Предприятием хозяйственной деятельности и должно осуществляться на протяжении рабочего дня, установленного на Предприятии; |
| 3.2.6. Операцияларды жүргізу үшін пайдаланылатын Жабдық түрін Кәсіпорын ұсынған деректер негізінде өз бетімен белгілеуге, өзінің қарауы бойынша Кәсіпорын пайдаланатын Жабдықты | 3.2.6. Самостоятельно определять тип Оборудования, используемого для проведения Операций, на основании данных, предоставленных Предприятием, по собственному усмотрению производить замену |

| | |
|---|---|
| ауыстыруды жүргізуге, сондай-ақ Жабдықтың бағдарламалық жабдықтамасын түрлендіруге; | Оборудования, эксплуатируемого Предприятием, а также модифицировать программное обеспечение Оборудования; |
| 3.2.7. Кәсіпорынмен келісім бойынша Банктің және МПС ақпараттық материалдарын ССН-де орналастыруға; | 3.2.7. По согласованию с Предприятием размещать информационные материалы Банка и МПС в ТСТ; |
| 3.2.8. Өз есебінен және кәсіпорынмен келісімсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуға. Бұл жағдайларда Банктің міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау үшін жауапкершілікті Банк көтереді; | 3.2.8. Привлекать за свой счет и без согласования с Предприятием третьих лиц для исполнения своих обязательств по Договору. Ответственность за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств Банка в этих случаях несет Банк; |
| 3.2.9. Кәсіпорын Шарт шеңберінде ұсынатын құжаттар мен ақпаратты тексеруді жүргізу; | 3.2.9. Проводить проверку документов и информации, предоставляемых Предприятием в рамках Договора; |
| 3.2.10. Нұсқауды және Ережелерді белгілеуге, анықтауға және түрлендіруге; | 3.2.10. Устанавливать, определять и модифицировать Инструкцию и Правила; |
| 3.2.11. Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, ССН туралы мәліметтерді МПС-ке хабарлауға, соның ішінде: көшелік маңдайшадағы ССН саудалық атауы, ССН тиесілі Кәсіпорынның аты, ССН толық мекен-жайы, жеке-дара атқару органының телефоны, Т.А.Ә., оның туған жылы, төлқұжа деректері. Банк кәсіпорынмен шартты бұзу/ССН үшін Авторландыруды алдамшылық қызмет себебі бойынша тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда МПС-ке Шартты жасау және бұзу күндері, Шартты бұзу себептерін хабарлауға; | 3.2.11. Независимо от срока действия Договора сообщать сведения о ТСТ в МПС, в том числе: торговое название ТСТ по названию на уличной вывеске, название Предприятия, которому принадлежит ТСТ, полный адрес ТСТ, телефон, а также Ф.И.О. единоличного исполнительного органа, дату его рождения, паспортные данные. В случае принятия Банком решения о расторжении договора с Предприятием/прекращения Авторизаций для ТСТ по причине мошеннической деятельности сообщать МПС даты заключения и расторжения Договора, причины расторжения Договора; |
| 3.2.12. Кәсіпорын қызметкеріне Карточкаларды пайдаланумен Операцияларды ресімдеуге рұқсат беруден себептерін түсіндірусіз бас тартуға. | 3.2.12. Отказать работнику Предприятия в допуске к оформлению Операций с использованием Карточек без объяснения причин. |
| **4. КӘСІПОРЫН ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ** |
| **4.1. Кәсіпорын мыналарға міндеттенеді:** | **4.1. Предприятие обязуется:** |
| 4.1.1. Кәсіпорынға Банк сайтында орналаскан (Ереже/Нұсқау) www.vtb-bank.kz Шарт шеңберінде, сондай-ақ Шартта ұсынатын нұсқаулық материалдарда бар талаптарды орындауға; | 4.1.1. Выполнять требования, содержащиеся в инструктивных материалах (Правила/Инструкция), размещенных Банком на сайте по адресу: www.vtb-bank.kz, в рамках Договора, а также в Договоре; |
| 4.1.2. Сатылатын Тауарларға ақы төлеу есебіне Ұстаушы ұсынған қолданыстағы ХТЖ Карточкаларын пайдаланумен жасалған Құжаттарды Шартқа қатаң сәйкестікте, қолма-қол ақшамен төлеу үшін белгіленген тиісті бағалардан (құндардан) жоғары емес бағаларды пайдалана отырып, қабылдауға; | 4.1.2. Принимать в оплату реализуемых Товаров Документы, составленные с использованием предъявленных Держателем действительных Карточек МПС, в строгом соответствии с Договором, используя цены (стоимости соответствующих Товаров) не выше, чем соответствующие цены (стоимости), установленные для оплаты наличными деньгами; |

| | |
|---|---|
| 4.1.3. Терминалды тиісті Қабылдау-өткізу актісі бойынша Банктен тиісті талапты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдау. Бұл ретте тиісті Терминалды тиісті Қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген оны орнату жеріне жеткізу, оны орнату, қосу екі Тарап Шартқа Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және шарттарды сақтай отырып, қол қойған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады; | 4.1.3. Принять Терминал по соответствующему Акту приема-передачи в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты получения соответствующего требования от Банка. При этом доставка соответствующего Терминала до места его установки согласно указанному в соответствующем Акте приема-передачи, его установка, подключение осуществляется в течение 30 (тридцати) рабочих дней с даты подписания обеими Сторонами Договора в порядке и на условиях, определенных внутренними документами Банка; |
| 4.1.4. Әрбір өткізілетін Операция кезінде, сондай-ақ Ережелерімен көзделген жағдайларда Ұстаушыдан оның жеке басын куәландыратын құжатты Карточканың Ұстаушыға тиесілі болу фактісін, сондай-ақ Ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаттағы қолын Карточкада қойылған қолмен салыстыру үшін талап етуге; | 4.1.4. При каждой проводимой Операции, а также в случаях, предусмотренных Правилами, требовать от Держателя документ, удостоверяющий его личность, для установления факта принадлежности Карточки Держателю, а также для сверки подписи Держателя на документе, удостоверяющем личность с подписью, содержащейся на Карточке; |
| 4.1.5. Карточканы пайдаланумен Тауарға ақы төлеу кезінде қолма-қол ақшамен төлеу кезіндегі бағамен салыстырғанда оның бағасын арттыруға жол бермеуге; қосымша комиссиялар енгізбеуге, Ұстаушылардан қандай да бір қосымша төлемақы талап етупеуге; | 4.1.5. Не допускать превышения цены Товара при оплате его с использованием Карточки по сравнению с ценой при оплате наличными деньгами; не вводить дополнительных комиссий, не требовать от Держателей какой-либо дополнительной оплаты; |
| 4.1.6. Банкке Кәсіпорынды және ССН Банктің эквайрингілік желісінде тіркеу үшін қажет құжаттаманы ұсынуға; | 4.1.6. Предоставить в Банк необходимую документацию для регистрации Предприятия и ТСТ в эквайринговой сети Банка; |
| 4.1.7. Шарттың мақсаттары үшін тек Банк берген бағдарламалық жабдықтама, Терминал, шығыс материалдарын пайдалану. Банк берген бағдарламалық жабдықтама мен Терминалға өзгертулер енгізбеуге және оның түрлендіру мен жөндеуін жүргізбеуге. Банк берген Терминал мен бағдарламалық жабдықтамаға заңсыз қол жеткізуді болдырмау, үшінші тұлғаларды Терминалдың құрылысымен, оның техникалық сипаттамаларымен таныстырмауға. Банктен алған Терминалды, шығыс материалдарын, нұсқаулық материалдарды үшінші тұлғаларға бермеуге; | 4.1.7. Использовать для целей Договора только программное обеспечение, Терминал, расходные материалы, предоставленные Банком. Не вносить изменений в программное обеспечение и предоставленный Банком Терминал и не осуществлять его модификацию и ремонт. Исключить несанкционированный доступ к Терминалу и программному обеспечению, предоставленному Банком, не знакомить третьих лиц с конструкцией Терминала, его техническими характеристиками. Не передавать Терминал, расходные, инструктивные материалы, полученные от Банка, третьим лицам; |
| 4.1.8. Банк берген Терминалды тек Шарттың мақсаттарын жүзеге асыру үшін Банк берген нұсқаулық материалдарға сәйкес пайдалануға; | 4.1.8. Использовать Терминал, предоставленный Банком, только для целей реализации Договора в соответствии с предоставленными Банком инструктивными материалами; |
| 4.1.9. Қажет болған жағдайда өз есебінен Жабдықты орнату жерінде оның қалыпты жұмыс істеуі үшін қуат беру және | 4.1.9. При необходимости за свой счет проводить проверку и ремонт линий питания и коммуникаций на месте установки Оборудования, |

| | |
|---|---|
| коммуникациялар желілерін тексеру және жөндеуін жүргізу; | необходимых для его нормальной работы; |
| 4.1.10. Авторландыруды сұрау, Операциялар бойынша Құжаттарды Шарттың талаптарына қатаң сәйкестікте ресімдеуге; | 4.1.10. Запрашивать Авторизацию, оформлять Документы по Операциям в строгом соответствии с условиями Договора; |
| 4.1.11. Чекті, сондай-ақ Операциямен байланысты өзге де ақпаратты тиісті Карточкалық операция жасау күнінен бастап 5 (бес) жыл бойы құпиялылық жағдайларында сақтауға; | 4.1.11. Хранить Чек в течение 5 (пяти) лет с даты совершения соответствующей Карточной операции в условиях конфиденциальности, а также иную информацию, связанную с Операцией; |
| 4.1.12. Банкке оның жазбаша сұрауы бойынша сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Операция бойынша ресімделген Құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін, сондай-ақ ССН-де Операцияны жүргізу жағдайларын баяндаумен жазбаша өтініш беруге. Банк сұраған Құжаттарды көрсетілген мерзімдерде ұсынбау Кәсіпорынға сұрау жасалған соманы өтеуге талап қоюдың негізі болып табылады, ал бұл жағдайда туындайтын Кәсіпорынның міндеттемесі Шарттың 5.4 тармағына сәйкес өтелуі мүмкін; | 4.1.12. Передавать в Банк по его письменному запросу в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения запроса оригиналы или копии Документов, оформленных по данной Операции, а также письменное заявление с изложением обстоятельств проведения Операции в ТСТ. Непредставление запрашиваемых Банком Документов в указанные сроки является основанием для предъявления требования Предприятию о возмещении суммы, на которую был сделан запрос, а возникающее в этом случае обязательство Предприятия может быть погашено Банком в соответствии с п.5.4 Договора; |
| 4.1.13. Банк орнатқан Жабдықтың сақталуын қамтамасыз етуге; | 4.1.13. Обеспечивать сохранность установленного Банком Оборудования; |
| 4.1.14. Банктен Шартты орындау шеңберінде түсетін ақпараттың құпиялылығын, сондай-ақ жүргізілген Операциялар және/немесе Кәсіпорын Шартты орындау барысында қол жетімділік алған өзге де ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге. Банк кәсіпорын көрсетілген ақпаратты жариялау туралы мәліметтерді алған кезде кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Шартқа сәйкес жауапкершілікті көтереді; | 4.1.14. Обеспечить конфиденциальность информации, поступающей от Банка в рамках исполнения Договора, а также информацию о произведенных Операциях и/или иной информации, к которой Предприятие получило доступ в процессе исполнения Договора. При получении Банком сведений о разглашении Предприятием указанной информации, Предприятие несет ответственность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и Договором; |
| 4.1.15. Жабдықты бұзу, жоғалту, ақаулықтардың туындауы, Жабдықтың істен шығуы жағдайларында бұл туралы Банкке жедел түрде хабарлауға; | 4.1.15. В случае порчи, утраты Оборудования, возникновения неисправностей, выхода Оборудования из строя немедленно сообщить об этом в Банк; |
| 4.1.16. Шарттың Жабдықты сақтау және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша шарттарын орындамау салдарынан туындаған тікелей зиянды ҚҚС қоса есептеумен, сондай-ақ Жабдықты жоғалтқан жағдайда Жабдықтың бастапқы құнынан тең соманы, зиянды анықтау күніне ҚҚС қоса есептей отырып, Банкке өтеуге; | 4.1.16. Возместить Банку прямой ущерб с учетом НДС, возникший вследствие несоблюдения условий Договора по сохранности Оборудования и обеспечению его работы, а также в случае утраты Оборудования в сумме, равной первоначальной стоимости Оборудования, с учетом НДС на дату установления ущерба; |
| 4.1.17. 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарттың 7.7 тармағымен көзделген | 4.1.17. В течение 5 (пяти) рабочих дней производить оплату счетов Банка, выставленных |

| | |
|---|---|
| жағдайларда қойылған Банк шоттарына ақы төлеуді жүргізуге; | в случаях, предусмотренных п.7.7 Договора; |
| 4.1.18. Көрінетін жерлерге орналастыру (Тауарларды сату орындарының кіре берісінде, Терминалдарды орналастыру орынында):<br>- Осы Төлем жүйесінің Карточкаларына қызмет көрсету мүмкіндігіне көрсететін Төлем жүйесінің логотипі бар Банкпен ұсынылған ақпаратты материалдары, сонымен бірге көрсетілген ақпараттық материалдарды орналастыруға қатысты өзге де Банк кеңестерін орындайды;<br>- Төлем картасын пайдалану арқылы төлемді жүзеге асыру барысында Кәсіпорынға оның жеке тұлғасын куәландыратын құжаттарды беру шарттары туралы Ұстаушыға арналған ақпарат; | 4.1.18. Размещать на видных местах (на входе в месте реализации Товаров, у места размещения Терминала):<br>- предоставленные Банком информационные материалы с логотипами Платежной системы, указывающие на возможность обслуживания Карточек этой Платежной системы, а также исполнять иные рекомендации Банка в отношении размещения указанных информационных материалов;<br>- информацию для Держателя об условиях предоставления Предприятию документа, удостоверяющего его личность, при осуществлении платежа с использованием платежной карточки. |
| 4.1.19. Банк берген Терминалды, сондай-ақ пайдаланылмаған Банктің шығыс, ақпараттық және жарнамалық материалдарын Терминалды қайтару туралы жазбаша талабын алған күннен бастап немесе Тараптардың бірі Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға. Кері жағдайда Банкке Терминалдың бастапқы құнын ҚҚС есептей отырып, Терминалды қайтару туралы жазбаша талапты немесе Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде төлеуге; | 4.1.19. Возвратить предоставленный Банком Терминал, а также неиспользованные расходные, информационные и рекламные материалы Банка в течение 10 (десяти) рабочих дней со дня получения письменного требования о возврате Терминала или со дня получения одной из Сторон уведомления о расторжении Договора. В противном случае выплатить Банку первоначальную стоимость Терминала с учетом НДС в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения письменного требования о возврате Терминала или уведомления о расторжении Договора; |
| 4.1.20. Банкте ашылған шотты осы Шарт бойынша өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерді орындағанға дейін жаппауға; | 4.1.20. Не закрывать открытый в Банке счет до исполнения всех принятых на себя обязательств по настоящему Договору; |
| 4.1.21. Кәсіпорынның Банкте ашылған банктік шоттарында ақшаның жоқ болған/жетіспеген жағдайында, сондай-ақ көрсетілген банктік шоттарды жабу кезінде Банктің талабы бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде Банкке Шартқа сәйкес тиесілі болатын барлық сомаларды/қарызды (соның ішінде, тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар), сондай-ақ Банктің Кәсіпорыннан Шарт бойынша өндіру барысында және/немесе Кәсіпорынның Шарт бойынша міндеттемелерді бұзу немесе тиісінше орындамау нәтижесінде Банктің көтерген кез келген өзге де шығындары) төлеуге; | 4.1.21. В случае отсутствия/недостаточности денег на банковских счетах Предприятия, открытых в Банке, а также при закрытии указанных банковских счетов, по требованию Банка в течение 2 (двух) рабочих дней оплатить все причитающиеся Банку в соответствии с Договором суммы/задолженность (в том числе, неустойку (штрафы, пеню), а также любые другие убытки, возникшие у Банка в процессе взыскания с Предприятия задолженности по Договору и/или понесенные Банком в результате нарушения или ненадлежащего исполнения Предприятием обязательств по Договору); |
| 4.1.22. Шартты кез келген негіз бойынша тоқтату күнінен бастап 3 (үш) жыл ішінде | 4.1.22. В течение 3 (трех) лет с даты прекращения Договора по любому основанию, в |

| | |
|---|---|
| Банк наразылық қойған күннен бастап бір айлық мерзімде Кәсіпорынның Карточкаларды пайдаланумен жасалған, жарамсыз деп танылған Операциялары бойынша Банкке қойылған тиісті Төлем жүйелерінің, Процессинг немесе Банктер-Эмитенттердің наразылықтары бойынша Банктен шегерілетін барлық сомаларды төлеуге/өтеуге; | месячный срок со дня выставления Банком претензии, выплачивать/возмещать Банку все суммы, которые буду списаны с Банка по претензиям соответствующих Платежной системы, Процессинга или Банков-Эмитентов, выставленным Банку по операциям, признанными недействительными, совершенными Предприятием с использованием Карточек |
| 4.1.23. Жедел түрде, жазбаша нысанда Банкті Кәсіпорын деректемелерінің (атауы, заңды мекен-жайы, нақыт мекен-жайы, басшы және байланыс тұлғалары, телефондар нөмірлері, мекен-жайлары, жұмыс істеу уақыты) барлық өзгерулері, сондай-ақ Кәсіпорынның уәкілетті органы/тұлғасының немесе соған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен уәкілетті етілген органы/ұйымының Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру/тарату/банкроттығы туралы шешімді қабылдауы туралы хабарландыруға; | 4.1.23. Незамедлительно, в письменной форме информировать Банк обо всех изменениях реквизитов Предприятия (наименование, юридический адрес, фактический адрес, руководящие и контактные лица, номера телефонов, адреса, часы работы), а также о принятии уполномоченным органом/лицом Предприятия или уполномоченным на то действующим законодательством Республики Казахстан органом/организацией решения о реорганизации/ликвидации/банкротстве Предприятия; |
| 4.1.24. Жалған Карточка немесе осы Шартпен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талаптарға және/немесе Банктен Шарттың 3.1. тармағының 3.1.8. тармақшасына сәйкес алынған құжаттарға сәйкес келмейтін, Карточканының заңсыз Ұстаушысы ұсынған, сондай-ақ Банк-Эмитенттің талаптарына сай келмейтін Карточкаға қызмет көрсетуден бас тартуға; | 4.1.24. Отказать в обслуживании Карточки в случае предъявления поддельной Карточки или несоответствующей требованиям, установленным настоящим Договором, действующим законодательством Республики Казахстан и/или документам, полученным от Банка согласно пп.3.1.8. п.3.1. Договора, предъявленную незаконным Держателем Карточки, а также по требованию Банка-Эмитента; |
| 4.1.25. Кәсіпорынның Банкте ашылған банктік шотында ақша жоқ болған/жетіспеген жағдайында Тараптар арасында Шарттың шеңберінде тиісті өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін тиісті банктік шотты Банктен тиісті хабарлама алған күні жеткілікті сомамен толықтыруға немесе Банкке тиісті ақша сомаларын Банктен алған тиісті талапқа сәйкес өтеуге/төлеуге; | 4.1.25. В случае отсутствия/недостаточности денег на банковском счете Предприятия, открытого в Банке, для проведения соответствующих взаиморасчетов между Сторонами в рамках Договора, пополнить соответствующий банковский счет достаточной суммой в день получения соответствующего уведомления от Банка либо возместить/оплатить Банку соответствующие суммы денег согласно полученного от Банка соответствующего требования |
| 4.1.26. Қайтару операцияларын тек түпнұсқалық төлеу Операциясы жүргізілген Карточканы пайдаланумен, Шартпен көзделген тәртіпте жүргізуге; | 4.1.26. Производить Операции возврата только с использованием Карточки, по которой была проведена оригинальная Операция оплаты, в порядке, предусмотренном Договором |
| 4.1.27. Карточкалармен Операцияларды жүргізуге тек Кәсіпорынның Уәкілетті қызметкерлерін ғана жіберуге. Кәсіпорынның уәкілетті қызметкерлерінің тізіміне өзгертулер енгізу қажет болған жағдайда бұл | 4.1.27. Допускать к выполнению Операций с Карточками только Уполномоченных работников Предприятия. При необходимости внесения изменений в состав Уполномоченных работников Предприятия сообщить об этом Банку и |

| | |
|---|---|
| туралы Банкке хабарлауға және осы өзгерістер пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша оқыту жүргізуді сұрауға; | запросить проведение дополнительного обучения не позднее 5 (пяти) рабочих дней со дня появления данных изменений; |
| 4.1.28. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, құжаттарды, сондай-ақ олардың көшірмелерін үшінші тұлғаларға бермеуге; | 4.1.28. Не передавать Документы, а также их копии третьим лицам, за исключением случаев, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан; |
| 4.1.29. Карточканы басқа атқа пайдалану немесе жалған немесе жарамсыз Карточканы пайдалануға әрекеттену жағдайында, сондай-ақ егер Авторландыру кезінде Карточканы алып қоюға әмір берілген жағдайда Ережеге сәйкес Карточканы алып қою және оны Банкке беру бойынша шараларды қабылдауға; | 4.1.29. Принимать меры по изъятию Карточки и передаче ее в Банк в течение 3 (трех) рабочих дней при установлении факта использования Карточки на чужое имя или попытки использования поддельной или недействительной Карточки, а также в случае, если при Авторизации получена команда на изъятие Карточки, в соответствии с Правилами; |
| 4.1.30. Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың туындаған кезінде бұл туралы Банкке хабарлауға; | 4.1.30. При возникновении обстоятельств, препятствующих выполнению условий Договора, уведомить об этом Банк; |
| 4.1.31. Банк қызметкерлерінің Терминалды орнату жеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу, ауыстыру немесе демонтаж жүргізуі үшін кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге; | 4.1.31. Обеспечить беспрепятственный доступ работников Банка к месту установки Терминала для проведения технического обслуживания, ремонта, замены или демонтажа; |
